

## Ақбиік ауылдық округіндегі елді мекендердегі атаусыз көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Түлкібас ауданы Ақбиік ауылдық округі әкімінің 2019 жылғы 27 наурыздағы № 10 шешімі. Түркістан облысының Әділет департаментінде 2019 жылғы 28 наурызда № 4950 болып тіркелді

**Ескерту. Шешімнің атауына орыс тілінде өзгеріс енгізілді, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Ақбиік ауылдық округ әкімінің 07.11.2019 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, халық пікірін ескере отырып және Оңтүстік Қазақстан облыстық ономастика комиссиясының 2018 жылғы 6 сәуірдегі қорытындысы негізінде Ақбиік ауылдық округінің әкімі ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. Ақбиік ауылдық округіндегі Құлан, Ақбиік елді мекендердегі атауы жоқ көшелерге келесі атаулар берілсін:

- 1) Ақбиік ауылдық округіндегі, Құлан елді мекеніндегі атаусыз көшеге- Еңбек атауы;
- 2) Ақбиік ауылдық округіндегі, Құлан елді мекеніндегі атаусыз көшеге- Болашақ атауы;
- 3) Ақбиік ауылдық округіндегі, Құлан елді мекеніндегі атаусыз көшеге-Атамекен атауы;
- 4) Ақбиік ауылдық округіндегі, Ақбиік елді мекеніндегі атаусыз көшеге - Ақниет атауы.

**Ескерту. 1-тармақ орыс тілінде жаңа редакцияда, қазақ тіліндегі мәтіні өзгермейді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Ақбиік ауылдық округ әкімінің 07.11.2019 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

2. "Түлкібас ауданы әкімдігінің Ақбиік ауылдық округ әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесі Қазақстан Республикасының заңнамалық актілерінде белгіленген тәртіпте:

- 1) осы шешімнің аумақтық әділет органында мемлекеттік тіркелуін;
- 2) осы әкім шешімі мемлекеттік тіркелген күнінен бастап күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмесін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде " Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына Қазақстан Республикасы нормативтік

құқықтық актілерінің эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және енгізу үшін жолданылуын;

3) ресми жарияланғаннан кейін осы шешімді Түлкібас ауданы әкімдігінің интернет-ресурсына орналастыруын қамтамасыз етсін.

**Ескерту. 2-тармаққа өзгерістер енгізілді - Түркістан облысы Түлкібас ауданы әкімдігі Ақбиік ауылдық округ әкімінің 07.11.2019 № 46 шешімімен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

3. Осы шешімнің орындалуын қадағалауды өзіме қалдырамын.

4. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Ауылдық округ әкімі*

*М. Орынбаев*